

Ресей Федерациясының Федералды Шекара қызметіндегі Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Жедел топтарының әскери қызметшілері мен қызметшілеріне еңбекақы төлеу шарттары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 22 мамыр N 633

Сыртқы шекараны қорғаудағы бірлескен күш-жігер туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 30 маусымдағы Шарттың ережелерін тиімді жүзеге асыру мен Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Жедел топтарының әскери қызметшілері мен қызметшілерін әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Шекара Әскерлері Жедел топтарының әскери қызметшілері мен қызметшілеріне еңбекақы төлеу Ресей Федерациясында Шекара әскерлері үшін белгіленген шарттарда жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулының 1-тармағын жүзеге асыруға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген және республиканың бюджетінде көзделген еңбекақы төлеу және басқа шығыстар нормаларының шарттары жөнінде айқындалған қаражат шегінде жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі